

**«Сарыжар ЖОББМ» КММ 2024-2025 оқу жылындағы
Тоғызқұмалақ секциясына талдау**

2024-2025 оқу жылының I –тоқсаннан бастап «Тоғызқұмалақ» үйірмесі аптасына үш сағат жоспарға сәйкес өтілді. Үйірме 5-11 сынып оқушылары қамтылды. Кестеге сәйкес оқушылар әр сенбі күні үйірмеге қатысады. Қатысатын оқушы саны 17 оқушы.

1. Мақсаты: Ұлттық зияткерлік ойын арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, стратегиялық және математикалық сауаттылығын дамыту, қазақтың ұлттық мәдениетіне деген қызығушылықты арттыру.

2. Секцияның маңыздылығы: Ойын барысында талдау, болжау, шешім қабылдау дағдыларын дамыту. Тоғызқұмалақ арқылы қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрін таныту. Ойын кезінде түрлі стратегияларды ойлап табу, өз бетімен шешім қабылдау. Жеңіске жету мен жеңілісті дұрыс қабылдауды үйрету, әділдік пен сыйластықты дамыту. Ойын барысында сандармен жұмыс істеу, санау, есептеу дағдыларын дамыту.

3. Қатысушылар: 5–11 сынып оқушылары қатысады. Аптасына 2 рет үйірме өтеді.

4. Жұмыс түрлері: Оқушылар бір-бірімен жарысып, тәжірибе жинақтайды. Топқа бөлініп, командалық есепте жарысады. Белгілі бір жағдайда дұрыс жүрісті табу. Санап шығу, тастар санын болжау, ұпай есептеу.

5. Жетістіктер: Мектепішілік жарыстардан іріктеуден өтіп аудандық жарыстарға қатыстырылады. Аудандық ұлттық лига жарысында 9-11 сынып командалық есепте 4 орын алды.

7-8 сынып және 5-6 сынып арасында командалық есепте 5 орын иеленді.

6. Мәселелер:

- Тоғызқұмалақ тақталары мен құмалақтарының жетіспеуі;
- Үйірме өткізуге арналған арнайы бөлменің болмауы.

7. Ұсыныстар:

- Тоғызқұмалақ үйірмесіне қажетті құралдары көбейту.
- Белсенді қатысушыларды марапаттау арқылы ынталандыру
- Жергілікті жарыстарға жиі қатысу

Үйірме жетекшісі:  Ж.М.Туйешиева